

С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ



КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА

Балалар жасындағы стоматология кафедрасы

Тақырыбы: Балалардағы түбірі қалыптаспаған уақытша және тұрақты тістердегі периодонтиттер. Клиникалық ағымының ерекшелігі, диагностикасы

Қабылдаған: Онайбекова Н.М.

Орындаған: Титан

Факультет: Стоматология


Курс: IV

Топ: Ст14-001-01

Алматы 2018 жыл

Жоспар

1. Балалардағы периодонт құрылымының ерекшелігі.
2. Балалардағы периодонтиттің себептері. Виноградов бойынша периодонтиттің жіктелуі.
3. Балалардағы сүт тістердегі және тұрақты тістегі жедел периодонтит. Клиникасы.
4. Балалардағы сүт тістердегі және тұрақты тістердегі созылмалы периодонтит. Клиникасы.
5. Рентгенологиялық көрінісі.
6. Периодонтиттің салыстырмалы диагностикасы.
 - Пайдаланылған әдебиеттер



Периодонт – түбір байламы, дәнекер тінді құрылым, тісті альвеолада ұстап тұрып, жақ сүйегімен байланыстырады және периодонт саңылауында орналасады.

Периодонт байланысады: сүйекпен, апикальді тесік арқылы тіс ұлпасымен, қызылиекпен және жақтың сүйек қабымен.

Периодонт

Қызметтері


- Тіреп-ұстау
- Амортизациялау
- Сенсорлық
- Қанмен қамтамасыз етуші
- Трофикалық
- Пластикалық
- Репаративті
- Қорғаныш
- Сондай-ақ тіс шарып шығуына қатысады

Балалардағы периодонттың ерекшелігі

- Периодонт тұрақты тістерге қарағанда борпылдақ дәнекер тінге бай
- Жасушалық элементтер мен қантамырлар көп
- Апикальді тесігі және периодонтальді қуысы кең
- Тұрақты тістердің ұрығы жақын орналасқан

Периодонт

ПЕРИОДИТИТ – бұл периодонттың қабынуы. Ол түбір цементі мен альвеоланың кортикальды пластинкасының арасында таралып жайылады.



ПЕРИОДОНТИТТИҢ ПАЙДА БОЛУ СЕБЕПТЕРІ:

1. Ұлпаның жедел немесе созылмалы қабынуы.

2. Пульпитті емдеу әдістерінің дұрыс жүргізілмеуі.

3. Пульпитті емдеу кезіндегі тіске эндодонтиялық жетудің ережелерін бұзу кезінде және түбір каналын стерилизациялағанда қатты әсер етуші заттардың каналға түсуі (формалин, азотқышқылды күміс).

4. Периодонттың медициналық препараттарға аллергиялық реакциясы.

5. Тіс жарақаттары: бірізсіздік, жедел, созылмалы микрожарақат (биік пломба т.б.).

Периодонтитті

ң

Т.Ф.

Виноградова

бойынша

1. Этиологиясы бойынша:

-инфекциялық

-травмалық
(1976ж.)

-медикаментозды.

2. Таралуы бойынша:

-маргинальды;

-апикальды.

3. Клиникалық ағымы бойынша:

-жедел;

-созылмалы;

-асқынған.

4. Терідегі патоморфологиялық өзгерістері бойынша:

-серозды;

-ірінді;

-фиброзды;

-гранулденген;

-гранулематозды.

**Апикальді
(түбір ұшылық)**



**Маргинальді
(шеткі)**

Уақытша тістердегі жедел периодонтит

3-6 жастағы балалардағы пульпит жедел периодонтит көріністерімен өтеді, тістердің түбірлерінің қалыптасуы мен сорылуы кезіндегі түбір ұшы тесігінің кең болуы себеп болады. Жедел периодонтит пульпитті әсері күшті дәрілермен емдеу кезінде пайда болады.

Сүт тістерде жедел периодонтит жылдам дамиды, ол жұмсақ тіндердің ісінуімен, іріңді экссудаттың периостқа дейін таралуымен сипатталады. Дене температурасы 38°C дейін көтеріледі, жалпы интоксикация болады. Регионарлы лимфа түйіндері ісінген. Тіс қозғалмалы болады. 2-3 күн ішінде остеомиелит, абсцесс, флегмона дамуы мүмкін. Жедел периодонтит сау балаларда және тіс жегінің 1 дәрежелі белсенділігі бар балаларда кездеседі.

Тұрақты тістердегі жедел

Шағымы: **периодонтит**

- Тұрақты ауру сезімі, басқанда күшейетін
- Ісінген сияқты сезім
- Жалпы жағдайының бұзылысы

Басты белгілері:

- Жұмсақ тіндердің және қызылиектің коллатериальды ісінуі;
- Лимфа түйіндері ісінген;
- Тіс перкуссиясы оң;
- Сауыттағы сынық сызығын және тісжегі қуысын сүңгілегенде ауру сезімінсіз
- Тістің қозғалғыштығы

Уақытша тістердің созылмалы

Қосымша соматикалық аурулармен бірге, әлсіз, тіс жегінің декомпенсирленген формасындаға балаларда дамиды.

Клиникалық симптомдары: тісте ауру сезімі жоқ, температуралық тітіркендіргіштерге реакциясы болмайды, тексергенде тісжегі қуыс немесе пломбаланған тіс анықталады. Тісжегі қуысты зондтау кезінде ауру сезімі болмайды, перкуссияға ауру сезімі болмайды. Тіс айналасындағы шырышты қабат ісінген. Жиі жыланкөз пайда болады.

Ерекшелікте

- ✓ Орта кариозды қуысы бар тістерде байқалады. Егер тіс емделген болса, бірақ ем аяқталмай және ұлпа камерасы ашық қалып, қуыста грануляциялық тін анықталады. Ол түбір каналдары және түбірлердің бифуркациясындағы перфорация арқылы периодонтқа өтеді.
- ✓ Гранулдеуші периодонтит формасында қызыл иекте жыланкөз пайда болады.
- ✓ Жыланкөздің локализациясы әр түрлі болады. Жиі ол түбір ұшы маңында байқалады.
- ✓ Созылмалы периодонтит созылмалы лимфаденитпен қоса жүруі мүмкін.
- ✓ Түбір ұшы маңындағы патологиялық процесс тұрақты тістің дамуына зиян келтіреді.
- ✓ Сүйектің ыдырауы көбінесе түбірлердің бифуркациясы аймағында болады.

Рентген

□ Сүт тістердің түбірлері арасында сүйек тінінің деструкциясының болмауы, түбірлердің сорылуы байқалады.

□ Процестің әрі қарай дамуы нәтижесінде тұрақты тістің фоликуласының резорбциясы дамиды.



Төменгі жақтағы уақытша екінші молярдың созылмалы гранулденген периодонтиті.

Тұрақты тістердегі созылмалы

| Созылмалы жай периодонтит | Созылмалы гранулденген периодонтит | Созылмалы гранулематозды периодонтит |
|---------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Кездеспейді | ✓ Шағымы: -қатты тағам жегенде, басқанда туындайтын ауру сезімі | ✓ Шағымы: -қатты тағам жегенде, басқанда туындайтын ауру сезімі |
| | ✓ Басты белгілері: -Тіс перкуссиясы оң; -Тістің қозғалғыштығы; -тіс сауытының түсінің өзгерісі; -жыланкөз болуы; Р-граммада шекарасы анық емес | ✓ Басты белгілері: -Тіс перкуссиясы оң; -Тістің қозғалғыштығы; -тіс сауытының түсінің өзгерісі; Р-граммада шекарасы анық |

ТҮБІРЛЕРІ ҚАЛЫПТАСПАҒАН ТҰРАҚТЫ ТІСТЕРДЕГІ ГРАНУЛДЕНГЕН ПЕРИОДОНТИТ



СОЗЫЛМАЛЫ ГРАНУЛДЕНГЕН ПЕРИОДОНТИТ КЕЗІНДЕ ЖЫЛАНКӨЗДІҢ ТЕРІГЕ ШЫҒУЫ



Түбірлері қалыптаспаған тұрақты тістердегі
периодонтиттің ең жиі кездесетін формасы –
созылмалы гранулденген периодонтит

Екінші орында таралуы бойынша – механикалық
жарақаттан болған **жедел периодонтит**

Салыстырмалы диагностикасы

- **ЖЕДЕЛ ПЕРИОДОНТИТТІ** жедел пульпитпен, созылмалы асқынған пульпитпен, созылмалы асқынған периодонтитпен, жедел остеомиелитпен дифференциялайды
- **СОЗЫЛМАЛЫ ПЕРИОДОНТИТТІ** орта тісжегімен, терең тісжегімен, созылмалы гангренозды пульпитпен дифференциялайды

Пайдаланылган

әдебиеттер:

- ❖ Терапевтическая стоматология, В. В. Боровский и соавторы, Москва., 1998;
- ❖ Стоматология, Н. Н. Бажанов, «Медицина», Москва, 1990
- ❖ Соловьёва-Савоярова Г.Е., Дрожжина В.А. «Эстрогены и некариозные поражения зубов». — СПб., Издательство СЗГМУ им. И.И. Мечникова, 2012. — 140 с.
- ❖ Соловьёва-Савоярова Г.Е., Дрожжина В.А., Силин А. В. «Некариозные поражения зубов, этиопатогенетический подход к их реконструкции». Материалы IX научно-практической конференции «Современные методы диагностики, лечения и профилактики стоматологических заболеваний. Эндодонтия и реставрации. — СПб., СПБИНСТОМ, 2012. — 121 с.